

ЕЛІМІЗДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІ МЕН АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ ӨЦІРІ АРАСЫНДАҒЫ ЖҮК АҒЫНДАРЫ ҮШІН БІРЕГЕЙ ТРАНЗИТТІК МҰМКІНДІКТЕР ҰСЫНАДЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ХАБҚА АЙНАЛУЫ ҮШІН БІРҚАТАР ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ КӨЛЕМІ 2016 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШТЕН 3,6 ЕСЕ АСАДЫ.



Жәнібек ТАЙЖАНОВ,
ҚР ИИДМ Көлік комитеті төрағасының орынбасары



№68 (2676)
20/08/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯ ТҮСТІ

Қазақстан мен Ресей теміржолының басшылары әріптестік және іскерлік қарым-қатынастарды дамыта түсуге ықпал ететін бірқатар келісімдерге қол жеткізді. Нәтижесінде екі ел арасында теміржол көлігімен жүк тасымалының 80% астамы цифрлық форматта ресімделетін болады және ауыл шаруашылығы өнімдерін контейнерлік пойыздармен тасымалдау туралы келісім жасалды.

Даниял ХАМИТ,
Нұр-Сұлтан

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев пен «РЖД» ААҚ бас директоры – басқарма төрағасы Олег Белозёров екі ел Үкімет басшыларының кездесуі аясында қағазсыз технология бойынша жүктер мен вагондарды тасымалдауға көшуді жандандыру жөніндегі жол картасына қол қойды.

Құжат екі жақты да, транзиттік қатынаста да қағазсыз технологи-

яларды одан әрі тарату бойынша жүк жөнелтушілермен және жүк алушылармен бірлескен жұмысты көздейді. Осы технология бойынша электрондық жүк құжаттарын пайдалана отырып, Қазақстаннан жүктерді Ресей мен Беларусь арқылы транзитпен үшінші елдерге тәжірибелік экспорттық тасымалдауды жүзеге асыру жоспарлануда.

Жол картасының іс-шараларын іске асыру 2022 жылға қарай Қазақстан мен Ресей арасындағы қағазсыз технология бойынша жүктер мен бос

вагондарды тасымалдау деңгейін 80% дейін, ЕАЭО мүше-елдер арасындағы транзиттік тасымалдау кезінде 50% дейін арттырады.

Сонымен қатар, Ресеймен екі елдің ауыл шаруашылығы өнімдерін контейнерлік пойыздармен тасымалдау туралы да келісімді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «РЖД» ААҚ контейнерлік пойыздармен агроөнеркәсіптік өнімді жедел жеткізуді көздейтін мамандандырылған «Агроэкспресс»-сервисін ұйымдастыру және дамыту бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Құжатқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев пен «РЖД» ААҚ бас директоры – басқарма төрағасы Олег Белозёров қол қойды. Тараптар мамандандырылған «Агроэкспресс» сервисі үшін тиімді тарифтік мөлшерлемелер қалыптастыру мәселелерін пысықтауға келісті.

Сондай-ақ теміржолшылар агроөнеркәсіп өнімдерінің жүк базасын пысықтап, бекітуге, пойыздардың нақты бағыттары мен жүру кестесін белгілеуге ниетті.
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

УДОБНАЯ СРЕДА ДЛЯ ВСЕХ



В Казахстане передвижения на дальние расстояния и путешествия становятся более доступными для всех. Так, 136 из 302 вокзалов полностью приведены в соответствие с требованиями Национального стандарта, где предусмотрены условия для маломобильных лиц.

Еще 159 вокзалов планируется привести в соответствие уже до конца этого года. Для перевозок маломобильных лиц в составе 44 маршрутов курсируют 98 спецвагонов-купе.

Важно, что на железной дороге для пассажиров с особыми потребностями есть скидки. К примеру, оформление билетов на специализированные места «Тұлпар-Тальго» производится со скидкой 70%.

Кроме того, для граждан всех групп инвалидности, а также детям-инвалидам устанавливается льгота на проезд по социально значимым сообщениям – 50% от стоимости билета.

Следует отметить, что с начала текущего года реализовано более 100 тысяч льготных проездных билетов.

*Асель ШАЙХЫНОВА,
Нұр-Сұлтан*

ИРАНҒА АЛҒАШҚЫ ЖҮК ПОЙЫЗЫ ЖЕТТІ



Өткен жексенбіде Иран еліне көмір тиелген алғашқы қазақстандық жүк пойызы жетті.



Iran.ru сайтының мәліметіне сүйенсек, жүк пойызы Инче-борун халықаралық темір жолы арқылы жүріп өткен. Голестан провинциясының генерал-губернаторы Хади Хакшенас қазақстандық пойыздың Иранға келуі өңірлік сауданың өсіміне бастау болатынына сенім білдірді. Ол сонымен қатар теміржолда транзиттік шығын біршама төмендетілетініне де үміт артты. Оның сөзіне қарағанда еркін сауда аймағында орналасқан Инче-борун темір жолының Еуразия елдері мен Иранды біріктіретін артықшылығы бар. Сондықтан Инче-борун Солтүстік-Оңтүстік дәлізінің бір бөлігі саналады, сол арқылы ТМД елдерінің темір жол тасымалдау ісі жүзеге асырылады. Аталған теміржол Иранның солтүстік шекарасында, Түркіменстанмен шектесе орналасқан.

Ұлан ОРАЗ, Нұр-Сұлтан

Инфраструктура

НАЧАЛАСЬ РЕКОНСТРУКЦИЯ

АО «НК «ҚТЖ» приступило к строительству второго пути на перегоне Достык – разъезд 19 и трех приемо-отправочных путей на разъезде 19 в Алакольском районе Алматинской области.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Алматинская область

Развитие участка Достык – Мойынты – часть масштабного проекта по модернизации железнодорожного транспортного коридора Достык – Актогай – Мойынты – Жарык – Жезказган – Саксаульская – Кандыгапаш – Актобе – Илеец.

Проект осуществляется в рамках госпрограммы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы и отвечает стратегическим задачам по развитию национальной сети железных дорог Казахстана. Благодаря

его реализации увеличится скорость движения поездов, пропускная и провозная способность основного транзитного коридора Казахстана по маршруту Китай – Европа.

В настоящий момент на перегоне Достык – разъезд 19 идет подготовка грунта для укладки второго пути. Отсыпано свыше 110 тысяч кубометров земляного полотна, производится удлинение трех водопропускных труб и строительство железобетонного железнодорожного моста.



На станции Достык ведутся строительно-монтажные работы по сооружению земляного полотна для переукладки станционных путей. На разъезде 19 начата подготовка для монтажа опор внешнего электроснабжения.

В работах задействовано более 80 человек и 45 единиц спецтехники, в том числе автогрейдеры, бульдозеры, автогазовозы, грунтовые катки, автосамосвалы, экскаваторы, автокраны и т.д.

ОТМЕТЯТ ЗАСЛУГИ



НАГРАЖДЕНИЕ

Работников АО «НК «ҚТЖ», принявших активное участие в ликвидации последствий чрезвычайной ситуации в Жамбылской области, представят к наградам и поощрениям.

Роман ЛЮБИМОВ,
Нұр-Сұлтан

Такое решение принято руководством компании по итогам восстановительных работ на участке Шу – Аспара, когда из-за сильных проливных дождей в горах

Меркенского района Жамбылской области размыло земляное полотно устоев железнодорожного моста.

Стоит отметить, что, несмотря на сложность ситуации, значительные разрушения и повреждение моста, движение поездов по одному пути

удалось открыть всего за 7,5 часа.

Работники АО «НК «ҚТЖ» уложили платформы, некондиционные железобетонные шпалы, отсыпали щебень, бутовый камень, использовали рельсовые пакеты и габион.

В восстановительных работах участвовали 130 железнодорожников, большинство из которых – монтеры пути. Кроме того, была задействована тяжелая техника.

И хотя движение поездов уже стабилизировалось, железнодорожники ведут круглосуточное дежурство на месте поврежденного участка пути. Бригада мостового отряда Капчагайского филиала АО «НК «ҚТЖ» проводит работы по усилению конуса моста.

Галия НУСКЕЕВА,
начальник отдела
организации
технологического
процесса вокзала
«Нұрлы жол»



НА ВОКЗАЛЬНОМ КОМПЛЕКСЕ «НУРЛЫ ЖОЛ» ВНЕДРЕН ПРОЕКТ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ВИДА ОБЩЕНИЯ С ПАССАЖИРАМИ И ПОСЕТИТЕЛЯМИ С ПОМОЩЬЮ QR-КОДА. ТАКИМ ОБРАЗОМ, ПАССАЖИРЫ, ПОДЪЕЗЖАЯ К СТОЛИЦЕ, СООБЩАЮТ О ТОМ, ЧТО ИМ НЕОБХОДИМО, НАПРИМЕР, ИНВАЛИДНАЯ КОЛЯСКА ИЛИ ТЕЛЕЖКА ДЛЯ СУМОК, И ПОЛУЧАЮТ ЭТО УЖЕ НА ВЫХОДЕ ИЗ ВАГОНА. В ТЕЧЕНИЕ МЕСЯЦА МЫ РАЗМЕСТИЛИ QR-КОДЫ В ВАГОНАХ 10 ПАР ПОЕЗДОВ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ЭФФЕКТ ОТ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЛОКОМОТИВОВ ДО 2025 ГОДА ДОСТИГНЕТ

8,5 МЛРД ТЕНГЕ

ЗА 7 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА ПО АКМОЛИНСКОМУ ОТДЕЛЕНИЮ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ПОГРУЗКА ГРУЗОВ СОСТАВИЛА

3737.7

ТЫСЯЧИ ТОНН

К 1 СЕНТЯБРЯ БОЛЕЕ

1 500

МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ С ОТДАЛЕННЫХ СТАНЦИЙ И РАЗЪЕЗДОВ ПОЛУЧАТ НЕОБХОДИМЫЕ ДЛЯ ШКОЛЫ КАНЦЕЛЯРСКИЕ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ



КІРМЕ ЖОЛДАР ҚАУІПСІЗ БЕ?

Ұлан ОРАЗ,
Маңғыстау



СТАНЦИЯ

Теміржолда жылжымалы құрамның жолдан шығып кетуі, соғысуы секілді оқиғалар көбіне кірме жолдарда орын алып жатады. Сондықтан кірме жолдар, ондағы қозғалыс қауіпсіздігі назардан тыс қалмауы тиіс.



Маңғыстау бөлімшесінің Өзен станциясында ревизорлар, кірме жолдардың иелерінің қатысуымен кеңестің өтті. Онда «Өзенмұнайгаз» АҚ, «УТГОК», «КазРосимпекс», «Элия», «Ақжол» ЖШС иелеріне кірме жолдарда орын алатын апатты жағдайлардың себептері мен жағдайы туралы ақпараттар берілді.

– Биыл өткен 7 айдың жұмыс қорытындысына келсек, жалпы Қазақстан теміржолы бойынша келенсіз жағдайлардың көбі кірме жолдарда маневрлік жұмыстар кезінде ережелердің бұзылуы, яғни вагондардың өз беттерінде қозғалысқа түсуі, жылжымалы құрамды тіреуіш табандармен дұрыс бекітпеу және жолдың жоғары төсемінің техникалық жағдайының, яғни бағыттама бұрмалары, шпал мен рельстің сапасыздығынан болған. Бірақ мұндай оқиғалар Маңғыстау өңірінде болған жоқ, дегенмен алдын алу шарасы ретінде осындай кеңестерді жоспарға сай өткізіп отырамыз, – дейді Маңғыстау ЖТ қосалқы бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов. Осындай оқиғалардың біреуін талқылау кезінде «УТГОК» кірме жолының жетекшісі М.Өтесінов «әрбір осындай тармақ иелері темір жол нұсқаулығы талаптарына сай жұмыс істеуі керек» деп пікірін білдірді. Расында теміржол аса қауіпті аймақ екенін ескерсек, әрі қандай жағдайда да Қазақстан теміржолының атына нұқсан келетіндіктен, кірме жолдар иелері теміржолдағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Аталған жиын соңында кірме жолдардағы жұмыстар кезінде жіберілетін кемшіліктерді жою шаралары қабылданды.

Суретті түсірген автор

ҚОРҒАС ҚҰЛАШЫН ЖАЗУДА

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан



ПОРТ

Еліміздің оңтүстік-шығысында қазақ-қытай шекарасында орналасқан «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты арқылы пандемия кезінде де жүк көлемі артып отыр.

Быттыр порт арқылы тасымал көлемі 200 мың ДФЭ болса, биыл алғашқы жартыжылдықтың өзінде 102 мың ДФЭ жүк тасымалданған. Бұл шамамен 80-90 мың контейнерді құрайды. Қазақстанның маңызды көлік-логистикалық орталығы болып саналатын портта тәулігіне 10-12 құрам өңделеді, бұл дегеніміз 500 контейнер. Порттағы 6 теміржол бойында үш контейнерлік кран, яғни RMG 1, 2 және 3 жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы салмағы 41 тоннаға дейін жететін жүкті көтере алады. Құрамы 45-50 вагоннан тұратын бір контейнерлік пойызды қайта тиеуге кететін уақыт орташа есеппен 55 минутты құрайды. Порт аумағында сонымен қатар бір мезгілде 18 мыңнан астам контейнер сақтауға арналған мамандандырылған контейнерлік алаң, жалпы ауданы 10 мың шаршы метрлік уақытша сақтайтын екі қойма және жөндеу мен арнайы техникаға қызмет көрсету бойынша жеке шеберхана да бар. «KTZE-Khorgos Gateway» портында бүгінде 180 адам еңбек етеді, оның 90 пайызы – жергілікті тұрғындар. Порт тәулік бойына жұмыс істейді және мұнда тәулігіне 24 пойызды қабылдап, жөнелтуге мүмкіндік бар. Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропаға, Ресейге және Орталық Азияға бағытталған маршруттар ең сұранысқа ие бағдарлар болып саналады.

ӨЗ ТӘРТІБІ БАР

Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан



МЕЖЕ

Қытайдан Еуропаға, Парсы шығанағы мен Орталық Азияға және Кавказға жүк ағыны өтетін Алтынкөл станциясы қалыпты режимде жұмыс істеп тұр, әлемдік пандемияға қарамастан теміржол тасымалының көлемі артқан.

Достық станциясынан кейін 2012 жылы ашылған екінші қазақстан-қытай теміржол өткелі Алтынкөлде жүк және контейнерлік пойыздар қабылданып, жөнелтіледі. Сондықтан станция стратегиялық нысандар қатарына жатады. Қытайдан келетін барлық вагондар осы жерде өңделеді. Станция бастығы Халел Байжігітовтің айтуынша, шекаралық станцияда жұмыс істеудің өз тәртібі бар. «Бізге жұмыс тәулік бойына ауысыммен жүргізіледі. Кейбіреулері вахталық әдіспен жұмыс істейді. Бірнеше адамды Қытайға жібердік. Пандемияға дейін олар сол жақта бес тәулік болып, қайта оралатын, ал қазір індетке байланысты жұмысшылардың сол жақта жарты жылдан қалуына тура келеді. Оның үстіне Қытайға барған соң жұмысқа кірісер алдында олар қонақүйде 30 күн карантинде жатуға міндеттеледі. Бұл да оңай емес», – дейді станция бастығы.

ЖАҢА ПОЙЫЗ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ



ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

Бір қарағанда дабырайтатын дәнеңе жоқ сияқты. Облыс орталығынан шалғайдағы Құрманғазы ауданына көптен күткен жаңа пойыз маршруты ашылды. Бірақ, жергілікті халық үшін бұл бірнеше жылдан бері айтыла-айтыла жауыр болған өзекті мәселе еді. Сондықтан атыраулықтар үшін 17 тамыз өлке тарихындағы ерекше күн болды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Облысшілік мұндай маршруттың ашылуы – жалпы облыс тарихындағы алғашқы жағдай. Атырау мен Дина Нұрпейісова станциялары аралығында жүретін пойызға жергілікті халықтың сұранысы жоғары болғаны сонша, небәрі үш вагоннан тұратын пойыз билеті әп-сәтте сатылып кеткен.

Бұрынғы халықаралық Душанбе-Москва, Ташкент-Саратов, Атырау-Астрахань пойыздары биліттің жылы пандемия басталғалы тоқтады. Облыс орталығынан 300 шақырым жерге қатынауды қиында түсті. Атырау-Астрахань республикалық автожолы болса күрделі жөндеуге жабилды. Халық қолы кесілгендей күй кешті. Автобус қатынамайды, таксилердің бағасы аспандап тұр: бір адамға екі мыңнан 10 мыңға дейін барды. Оның үстіне жүкөзін бойында көлік апатының жиілеп кеткені де халықтың үрейін ұшырып бітті. 60 мың тұрғыны бар Құрманғазы және 30 мың тұрғыны бар Исатай аудандарының халқы облыс орта-



лығына қатынаудың қиындығын әбден көрді. Ақырында биылғы сәуір айында жаңа маршрут ашу жөнінде мәселе көтеріле бастады. Құрманғазы ауданына пойыз жүргізу мәселесі облыстық мәслихатта қаралып, мақұлданды. Соған сәйкес 13 шілдеде облысшілік Атырау-Д.Нұрпейісова станциясы бағыты бойынша теміржол тасымалдаушысын анықтау мақсатында ашық конкурс өтетіні туралы хабарландыру жарияланып, нәтижесінде «Отран Logistic» компаниясы жеңімпаз болып танылып, маршрутқа тапсырыс

беруші облыстық жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасымен 5 жылға келісім-шартқа отырды.

Атырау-Аққыстау-Ганюшкино-Д.Нұрпейісова бағытындағы №631/632 пойыз құрамында үш вагон: 54 орындық 1 плацкарт және әрқайсысы 81 орыннан екі жалпы вагон бар. Вокзал кассасының меңгерушісі Ажар Ахметованың айтуынша, билеттер 14 тамыз күні кештен бастап сатыла бастаған. Ал нақ пойыз жүрер күні бір орын да қалмапты. Пойыз Атырау станциясынан жергілікті уақытпен

таңертеңгі 11:00-де жүріп кетті. Ақырғы станцияға кешкі 17:13-те барады. Екі арада 20 станция, разъезд бар. Жолда жүру уақыты 6 сағаттан астам. Кейін қарай 18:26-да шығып, түнгі бірден кете Атырау станциясына келеді. «Отран Logistic» компаниясының жолсеріктері жолаушыларды пойызға тек қана билетпен кіргізуде және қолдарындағы «Жолсеріктің мобильді терминалы» бойынша электронды билеті бар жолаушыларды тексеріп тұр. Жолаушыларды қуанышында шек жоқ. Бәрі де жаңа пойыз маршрутының ашылуына дән риза.

Билет құны да көңілден шығады. Жалпы вагонға билет құны ақырғы станцияға дейін 895 теңге болса, плацкарт – 2475 теңге.

«Отран Logistic» компаниясының директоры А.Борашевтің айтуынша, жолаушыларға әзірге үш вагонмен қызмет көрсетіледі. «Алдағы уақытта халықтан сұраныс болып жатса, тағы да вагондар санын көбейтуге мүмкіндіктер бар, сондай-ақ, пойыздың жүру уақытын да өзгертуге болады» дейді ол.

Суретті түсірген автор

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ АЙҚЫН



НӘТИЖЕ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі алғашқы жарты жылда жүктердің сақталымын толық қамтамасыз еткен. Негізгі қызмет бойынша шығыстар жоспарында 14 млрд 216 млн 75 мың теңге қарастырылған. Ал бөлімше іс жүзінде 12 млрд 906 млн 429 мың теңгені игеріп, 1 млрд 309 млн 646 мың теңгені үнемдеген.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Түркістан

Қажеттілікке сәйкес персоналды оқыту және біліктілігін арттыру да жоспарға сай орындалған. Жыл басынан бері оқу орталықтарында біліктілікті арттыру, қайта даярлау және даярлау курстарынан өткен қызметкерлердің жалпы саны 33 адам, сондай-ақ 44 құжаткер еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, ИСМ, өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Қажеттілікке байланысты қызметкерлерді оқытып қана қоя салмай, оларды оқытудың

жаңа әдістері мен нысандарын, оның ішінде іскерлік ойындарды пайдалана отырып, техникалық сабақтарды өткізудің сапасын жақсартуды ойластырды. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» – Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі техникалық бөлімінің бастығы Талғат Якуповтың айтуынша, жылдың екінші жартыжылдығында тасымалдау процесінің сапасын арттыру жөнінде бірнеше іс-шара қарастырылған.

«Жүк тиеуде КТТ вагон паркінің үлесін 15%-дан астам арттыру, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін ұжым арасында еңбекқауы төлеу, ұжымдық шарт пен Еңбек

заңнамасындағы өзгерістер туралы үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу, «тастанды» пойыздар санын 15%-ға дейін қысқарту көзделіп отыр. Алдағы уақытта Қытай-Еуропа бағыты бойынша контейнерлік пойыздардың жүру жылдамдығын тәулігіне 1090 км дейін жеткізу де жоспарда бар. КТТ вагондарының тиеу үлесін арттыру үшін клиенттерді шақыра отырып, «КТТ» АҚ-ның қатысуымен ай сайын кеңестер өткізуді де жоспарға енгізіп отырмыз. Ал АСУ ЭДТ-да маневрлік локомотивтердің қозғалысы мен жұмыс уақытын тіркеу үшін ГПАИС-ке Шымкент станциясының «Кедентранссервис»,

«Вер Хаус» және «Санжар Сауда» үш кірме жолдарының географиялық координаттарын анықтау бойынша ақпарат берілген, одан әрі жоспарлы түрде қалған кірме жолдарға өткізіледі. Сондай-ақ, қағазсыз технологияны қамтамасыз ету үшін ГУ-46 нысанындағы вагондарды беру мен алып кетудің автоматтандырылған ведомосын, ҚТЖ кез келген станциясында басып шығару мүмкіндігімен АСУ ДКР жүйесінде жалпы нысандағы және коммерциялық актілерді енгізу мәселесі қарастырылып жатыр», – деді техника бөлімінің бастышы Талғат Якупов.

Суретті түсірген автор

ЕСКІРГЕН ҚҰРЫЛҒЫЛАР ӘЛІ ДЕ ҚОЛДАНЫСТА



САПА

Ағымдағы жыл басынан бері Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы теміржолшылары тарапынан пойыздық және маневрлік жұмыстар кезінде қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына жол берілген жоқ. Дегенмен байланыс құрылғыларының ақауы тіркелген.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жеті ай ішінде дистанция телімдерінде құрылғылардың бұзылуына байланысты жұмыстан тыс қалуы бірнеше мәрте қайталанғанмен, дер кезінде мамандар тарапынан жұмысқа әзірлеп қосу шарасы жасалған. Құрылғылардың жұмысқа жарамсыз болып қалуының түрлі себептері бар. Ең бірінші әсер ауа-райының тұрақсыздығы, аңызак жел, жауын-шашын болуынан құрылғы тетіктеріндегі бекітпелерінің босауы, түсіп қалуы, тоттануы секілді жағдайлар себеп болатындығы анықталған. Мәселен, Шиелі ЦРП-10кВ торабынан таратылатын сыртқы электр желісінде қуаттың болмауы себепті Бақтысай-Бәйгекүм участогында жылжымалы құрамның кідіруі орын алса, Жалағаш станциясында ДСП басқару-таблосындағы қабылдау-жөнелту жолдарының «бос еместігін» көрсеткен сигнал берілген. Тексеру барысында 2743 шақырымның 9 пикетінде П8 топтық муфты мен ЭО постының арасын байланыстыратын СБПУ-12х2 кабелін суық қолдар ұрлауға әрекет жасап, үзілгендігі анықталған, іс қүзырлы органдарға тапсырылыпты.

– Байланыс құрылғыларының технологиялық талапқа сай күтіп баптап, пойыздарды телімдерден кідіріссіз өткізу – міндетіміз. Жаңа технологиялармен қамтамасыз ету жүріп



жатқанымен, ескі құрылғылар мен байланыс желілері әлі де қолданыста жүр. Сондықтан техникалық құрылғылардың жұмыстан тыс қалуына әсер ететін факторлар ретінде, ескіруден бөлек, эксплуатациялық штаттың кей жағдайларда қосалқы жұмыстарды атқаруға мәжбүр болуы, ескі құрылғылардың әлі күнге дейін пайдаланылуы мен техникалық қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілу

меу де байланыс құрылғыларының тұрақты жұмыс жасауына кері әсер етеді, ескінің аты ескі, – деді дистанцияның техникалық бөлім бастышы Нұрлан Жүсіпбаев.

Дистанциялықтар шілде айы ауа райының аса ыстық болуына қарамастан өздеріне жүктелген тапсырмаларды толық атқарып, ағымдық күтім, технологиялық тексеріп бақылау, ескінін жамап-жасқап жұмысқа қолдану шараларын нәтижелі жүргізе білген. Бақтысай, 16-бекет, Бәйгекүм, Анакөл, 20-бекет пен Шиелі бекеттеріндегі СІП-6 типті бағыттамалық электр бұрмалар Р80 типімен жаңалау ауыстырылған. Жайылма, Жаңақорған, Төменарық, Қараөзек, Теренөзек станцияларында бағдаршамдарды жарықдиодты модульдермен алмастыру, ТМ-18 және ТМ-15 блогындағы КІПШ трансмиттерін жаңалау жұмыстары жасалған. Майлытоғай, Шиелі, Теренөзек бекеттерінде бағдаршамдар жарық диодты түріне алмастырылса, бірқатар бағдаршамдардың желісін монтаждау жұмыстарын жүргізген.

Жалпы, дистанция теміржолшылары жыл басынан бергі жеті айда пойыздық, маневрлік жұмыстар кезінде 115703 пойызды КТМ арқылы бақылағанда құрылғылардың көрсетуі бойынша 27 пойызды тоқтатып, тексерумен өткізген. Сараптама нәтижесінде пойыздардың тоқтатылуына кедергі болған ақаулықтар мамандар тарапынан толық дәлелденген.

Суретті түсірген автор



УПОР – НА ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ



ИТОГИ

В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо подвели итоги работы за 7 месяцев. Так, за указанный период в Книгу замечаний от машинистов поступило 3 230 рапортов против 1 904 аналогичного периода прошлого года, увеличение составило 1 326.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Локомотивными бригадами ТЧЭ-28 за 7 месяцев текущего года применено 335 экстренных торможений против 398 за

аналогичный период 2020 года. В том числе на людей – 120, из них с наездом – 3.

И хотя идет тенденция к уменьшению, все же не стоит расслабляться, считает руководство депо. Безусловно, главной причиной

травматизма становятся наезды на людей, которые чаще всего гибнут по личной неосторожности, в состоянии алкогольного опьянения. Второй момент – наезды на скот. Только с начала года зафиксирован 101 случай против 157 в 2020

году, из них с наездом – 46. Если говорить о водительской культуре, то она также желает лучшего. За 7 месяцев зафиксировано 4 случая, из них с наездом 1. Как утверждают машинисты, порой лихачество автолюбителей доходит просто до абсурда, да и подростков, играющих в подвижные игры, можно наблюдать близ железнодорожного полотна, что становится реальной угрозой безопасности.

По этому поводу широко ведется разъяснительная работа с местными жителями, учащимися школ, проводятся совместные рейды с транспортными полицейскими.

На 10 случаев уменьшились нарушения по данным расшифровки скоростемерных лент. Надо сказать, что в депо вопросы безопасности обеспечиваются путем организации технического обучения кадров и повышения их квалификации, отработки практических навыков действий локомотивных бригад в нестандартных ситуациях.

– Мы проводим анализ состояния безопасности движения, выявляем «узкие» места, разрабатываем и осуществляем меры по их устранению, обобщаем и распространяем опыт безаварийной работы, – говорит заместитель начальника депо по эксплуатации Серик Бердикулов.

Фото автора

ПЕРВОЗИМНИКОВ СТАНЕТ БОЛЬШЕ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

В Оскеменском эксплуатационном вагонном депо начали подготовку к зиме. На основе приказа руководства Семейского отделения грузовых перевозок вагонники издали свой аналогичный документ, составили план мероприятий.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Как рассказала инженер-технолог первой категории Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Эльмира Капарова, уже 28 августа предприятие сдаст первый отчет о проделанной работе по подготовке к зиме в Семейском отделении грузовых перевозок.

Утвержден приказ руководства Оскеменского эксплуатационного вагонного депо о подготовке хозяйства и кадров предприятия к работе в зимних условиях. В частности, необходимо установить контроль за ходом и координацией работ, которые проводят линейные ПТО и КПТО, в порядке, установленном стандартом. Руководителям пунктов

технического обслуживания, старшим осмотрщикам вагонов, начальникам отделов поручено обеспечить качественное проведение осеннего комиссионного осмотра хозяйств, завершить проверку готовности к работе в

десять пунктов и включает в себя проверку знаний у 164 осмотрщиков вагонов и слесарей по ремонту подвижного состава, проведение совместной с локомотивщиками конференции и совещаний по работе и обслу-

живания автотормозов в зимнее время, обучение первозимников.

– У нас сейчас 10 новичков – работников, которых мы называем первозимниками. По станции Оскемен-1 будут приняты еще три человека, поскольку там имеются вакансии, – говорит Эльмира Капарова. – Они прикреплены к опытным осмотрщикам.

В плане работ ВЧД-24 – подготовка 9 служебных и производственных зданий, котельной, текущий ремонт двух кранов, создание неснижаемого запаса материалов и запчастей. В их числе – 1 000 композиционных колодок, по 50 концевых и разобщительных кранов, чугунные колодки, соединительные рукава, чека тормозной колодки, клины тягового хомута и многое другое.

До 15 октября на предприятии планируют провести сервисное обслуживание трех УЗОТ, обеспечить поставку 129 тонн технического угля, обеспечить работников спецодеждой и спецобувью.

ПЫЛАЮТ СТАНИЦЫ НА УРАЛЬСКОЙ ЗЕМЛЕ



101

Лето-2021 на Западе Казахстана выдалось экстремально жарким. Засуха стала причиной падежа скота и сильных лесостепных пожаров. Земля буквально горит под ногами. На участке Уральск – Казахстан на перегоне станция Жайык – разъезд Таксай пожарный поезд станции Уральск ликвидировал очередной пожар, площадь которого составила 100 гектаров.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

Сообщение о возгорании сухой травы и лесопосадки на перегоне станции Жайык – разъезд Таксай на пульс охраны поступило в субботу в 13.15. Сильный ветер буквально гнал огонь к железнодорожному полотну. Во вторник сообщение об аналогичном пожаре на перегоне станция Казахстан – разъезд Жаркий поступило на пульс охраны в 19.50. Огонь пылал в 20-30 метрах от железнодорожного полотна.

На данных участках железнодорожный путь однопутный, шпалы бетонные, вдоль пути проходит линия электропередачи. Сложность для тушения пожара заключается в том, что санитарная вырубка сухостоя и поросли в лесопосадках не ведется, она не в компетенции КТЖ, а экстремально жаркая, стоящая в Приуралье уже четвертый месяц, высушила траву на корню. Усугубляет ситуацию и ветреная погода.

Следует отметить, «горячая» пора в Западно-Казахстанской области настала для всех служб МЧС. Перед выходными произошло два крупных степных пожара: в районе села Крулоозерное (пригород Уральска) площадью 120 га, нанесен ущерб сельхозугодьям, и в поселке Аксуат (бывшая станция Батурино), где огнем уничтожены хозяйственные строения на 9 подворьях.

Новая неделя также ознаменовалась крупными лесостепными пожарами, представлявшими опасность для населенных пунктов. В частности, между поселками Трекино и Володарка начался лесостепной пожар, из-за сильного ветра огонь перекинулся через реку Урал в Теректинский район, и вновь под угрозой оказался поселок Аксуат. На этот раз общая площадь выгоревших

лесов и сельхозугодий составила более 130 га. Пожар смогли ликвидировать. Были задействованы более 100 человек и 17 единиц техники.

В ходе тушения лесостепного пожара на перегоне станция Жайык – разъезд Таксай (Теректинский район) бойцы ПП-42 рукавную линию прокладывали с наращиванием, шли вперед с целью отсечь огонь от железной дороги, верхнего строения пути и электролинии. Первая локализация пожара была достигнута к 16 часам, однако приходилось сдавать пожарный поезд для пропуска двух грузовых поездов и пассажирского поезда №52 сообщением Уральск – Алматы-2, который был задержан на 36 минут из-за опасной близости огня к железной дороге – на расстоянии 10 метров. Затем в течение 6 часов было пропущено еще 7 грузовых поездов, пригородные пассажирские поезда Чингирлау – Уральск, Уральск – Казахстан, пассажирский поезд №58 сообщением Уральск – Нур-Султан. В связи с пожаром была допущена задержка только одного поезда. Окончательно пожар локализован к часу ночи 15 августа.

В тушении данного пожара участвовали 53 человека – пожарный поезд во главе с начальником Уральского отряда НГПС Сериком Кусановым, причастные железнодорожные организации, Теректинский лесхоз и пожарная часть поселка Федоровка, привлечено 5 единиц техники помимо пожарного поезда. Расход воды составил 31,5 тонны. Площадь пожара – более 100 га.

Возгорание сухой травы и кустарников на перегоне станция Казахстан – разъезд Жаркий произошло к вечеру 17 августа. В этом случае расстояние от места дислокации пожарного поезда станции Уральск до места пожара составляло 122 километра. На место происшествия



поезд прибыл в 22.47. Использовалась световая башня для освещения места пожара. К 23.30 локализованы очаги возгорания на 1409-1410 км, полная ликвидация пожара и проливка отдельных очагов возгорания на участке 1409-1412 км – к часу ночи. Обеспечена защита от перехода огня на здания КТСМ. Для движения поездов перегон был открыт в 01.30.

В тушении участвовали 42 человека – ПП-42 во главе с начальником Уральского отряда НГПС Сериком Кусановым, причастные железнодорожные организации, пожарные части ДЧС ЗКО по г. Аксай, АО «Конденсат» и «ОРТ СОНДИРШИ», привлечено 5 единиц техники помимо пожарного поезда. В связи с пожаром были допущены задержки грузовых поездов: четный – на 21 минуту, нечетный – на 57 минут.

В ходе тушения обоих пожаров бойцы Уральского отряда НГПС грамотными действиями в очередной раз показали свою приверженность к корпоративным ценностям АО «КТЖ» БЛАГО, в первую очередь Безопасности и Ответственности.

Фото автора

СОХРАНЯТЬ БДИТЕЛЬНОСТЬ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



ПРОФИЛАКТИКА

Работниками филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» и смежных служб совместно с сотрудниками линейного отдела внутренних дел на железнодорожном транспорте регулярно проводится профилактическая работа для снижения несчастных случаев на железной дороге.

– Несчастные случаи на железной дороге происходят из-за того, что люди переходят пути в неустановленных местах, в состоянии алкогольного опьянения. Некоторые не всегда слышат шум приближающегося поезда и сигналы машиниста, так как в это время говорят по телефону либо слушают музыку в наушниках, – рассказывает начальник службы безопасности движения Карагандинского отделения ГП Жанат Мукашев. – Так, в конце мая текущего года при переходе железной дороги в неполюженном месте произошел трагический случай с посторонним человеком.

Переход через железнодорожные пути разрешается только в установленных местах – по пешеходным мостам, через тоннели. В местах массовых переходов для людей установлены предупредительные знаки и аншлаги, а локомотивными бригадами подаются звуковые и световые сигналы. Также дежурными по станции периодически производится оповещение для работников станций, пассажиров о пропуске, прибытии и отправлении поездов.

– На электрифицированных участках ни в коем случае нельзя прикасаться к проводам контактной сети и высоковольтной линии, подниматься на крышу вагонов, на опоры и специальные конструкции, приближаться к оборванным проводам контактной сети, независимо от того, касаются они или не касаются земли. Как известно, напряжение в них составляет 27 000 вольт, а ведь это опасно для жизни! Будьте бдительны и берегите себя, – предупреждает Жанат Мукашев.

ИЗБЕЖАТЬ ЧП

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



БЕЗОПАСНОСТЬ

Двадцать шесть километров новой скотоизгороди появится в Костанайском регионе к концу нынешнего лета.

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Азамат Бегимбаев, помимо вновь установленной скотоизгороди, дополнительно также будет отремонтировано 26 километров поврежденной. Ведь именно ограждение становится одним из основных препятствий на пути скота, пасущегося у железной дороги.

Еще одним элементом профилактики является разъяснительная работа с населением. Так, работники Костанайского отделения магистральной сети провели более 155 собраний с населением, на которых присутствовало более трех тысяч человек. Дополнительно с правилами выпаса и прогона через железнодорожные пути ознакомили порядка четырех тысяч скотовладельцев. Вручено свыше трех тысяч выписок. Благодаря этому удалось добиться некоторого снижения происшествий. Тем не менее совершено 14 наездов на скот. Еще в тринадцать, благодаря применению экстренного торможения, этого удалось избежать. Тринадцать незадачливых владельцев скота были найдены и оштрафованы.

– Мы будем продолжать вести такую работу, – говорит Азамат Бегимбаев. – Ведь от ее успешности напрямую зависит уровень безопасности движения поездов. А именно обеспечивать безопасность движения – наша основная задача.

Фото автора



Руководство филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматинское отделение ГП», Алматинского филиала АО «Казпрофтранс», филиала АО «НК «КТЖ» – «Алматинское отделение магистральной сети», профсоюзный комитет филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматинское отделение ГП» и Совет ветеранов выражают искренние соболезнования семье и близким по поводу кончины бывшего заместителя начальника Алматинской железной дороги по кадрам и социальным вопросам, бывшего главного ревизора по безопасности движения поездов

Анатолия Иванович Ширяева

Центральный совет ветеранов-железнодорожников АО «НК «КТЖ» и Совет ветеранов центрального аппарата акционерного общества «Национальная компания «Казакстан темір жолы» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования родным и близким по поводу кончины Почетного железнодорожника

Анатолия Иванович Ширяева.

Светлая память об Анатолии Ивановиче сохранится в сердцах тех, кто его знал, любил и уважал.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАҚСАТҚА ЖҰМСАЛАДЫ



Бүгінде «Қазақстан темір жолы» компаниясы мен оның жер-жердегі филиалдарында 120 мыңның үстінде адам еңбек етсе, олардың 97 пайызы – кәсіподақ мүшелері. Ай сайын олардың жалақысынан кәсіподақ жарнасына ұсталатын соманың бір бөлігі қайырымдылық мақсатқа жұмсалады.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

«Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген корпоративтік ұстанымды ұстанатын теміржолшылар қиын жағдайда қалған әріптестеріне қол ұшын созуды дәстүрге айналдырған. Адам болған соң басына қиын іс түспей тұрмайды. Біреу қатерлі дертке шалдықса, енді бір адамның үйі өртеніп немесе су алып, далада қалады. Ал тағы бір адамға ауыр ота жасату керек болуы мүмкін. Мұндай қиындықтар қомақты қаржыны қажет етіп, қиындыққа тап болған теміржолшылар компания

кәсіподағына жүгінеді. Қазақстан теміржолының салалық кәсіподағы айына осындай қиындықтарға тап болған 7-8 адамның өтінішін қарайды екен. Былтыр 2020 жылы, мысалы, кәсіподақ 100 теміржолшыға 30 млн теңгеге материалдық көмек көрсеткен. Ал биылғы жыл басынан бері 41 адамға қаржылай көмек берілген. Бұл көмек компания қызметкерінің басына түскен ауыртпалықтан шығуына кететін шығыны 200 мың теңгеден асатын болған жағдайда және арнайы комиссияның жан-жақты тексеруімен әр түрлі сомада болса да міндетті түрде көрсетіледі.

«Мәселен, былтыр бір теміржолшы кіш-

кентай баласына Америкада бір екпесі 1 млрд доллар тұратын ем алу үшін көмек сұрады. Ол екені екі жасқа жеткенше жасатпаса, әрі қарай көмегі тиімді екен, бұл шамамен 982 млн теңге. Соған кәсіподақ арқылы бір бөлігін жабуға болса да көмек жасадық. Олардың барлық медициналық құжаттары, дәрігерлердің науқасқа жазған емі, бүкіл шығындары қағаз жүзінде толық тексеріледі. Мәселен, біреудің үйі өртеніп кеткен болса, соның өртенгені туралы актілерін, су алып кетсе, соны растайтын құжаттарын тексере келе, комиссияның шешімімен теміржолшыларға көмек береміз. Бүгінгі таңда бізде 6 адамның өтініші қаралып жатыр. Оларға міндетті түрде көмек беріледі. Бірақ кімге қанша қаржы берілетінін комиссия шешеді», – дейді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов.

Демек, компанияның кәсіподаққа мүше әрбір қызметкері қайырымдылыққа өз үлесін қосып отыр деген сөз.

Акция



ПОМОГУТ СОБРАТЬСЯ В ШКОЛУ

Более ста первоклассников – детей железнодорожников получают в подарок от первичных профсоюзных организаций ООО «Казпрофтранс» ранцы с необходимыми школьными принадлежностями.

Ольга СТЕБЛЯНКО,
Усть-Каменогорск

Акция «Дорога в школу» стала традиционной для работников Защитинского узла. Вплоть до прошлого года, когда началась пандемия, она обычно проводилась в торжественной обстановке. Школьников-«новобранцев» с наступающим Днем знаний приходили поздравлять руководители предприятий, ныне бывшего Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок, профком, родители. В этом году, как и в 2020-ом, по словам представителя Центрального совета ООО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаевой, «праздничных» посиделок не будет ввиду ограничительных санитарно-эпидемиологических мер.

– Массовые мероприятия проводить не будем. После закупки ранцев представители профкомов каждого железнодорожного предприятия раздадут их работникам, чьи дети пойдут в первый класс. Если они трудятся на линии, то направим подарки туда, – говорит она. – Каждая профсоюзная первичная организация из своего бюджета закупает эти школьные портфели.

Помимо этого, такие же подарки от профсоюза получают школьники всех возрастов – дети железнодорожников из многодетных и малообеспеченных семей.

Напомним, что к 1 сентября более 1 500 многодетных семей железнодорожников с отделенных станций и разъездов получают необходимые для школы канцелярские принадлежности. Ведь социальная поддержка работников является одним из главных приоритетов политики АО «НК «ҚТЖ». Руководство компании прилагает все усилия для повышения мотивации и социальной защищенности сотрудников, ведь эффективность компании напрямую связана с благополучием ее коллектива.


Фото Александра ЖАБЧУКА

К ЗДОРОВОМУ ОБРАЗУ ЖИЗНИ



Уже половину пути преодолели железнодорожники Защитинского узла – участники марафона «30 километров за 30 дней», организованного ООО «Казпрофтранс». Забег проходит в честь юбилея независимости РК и адаптирован к условиям пандемии.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Как рассказал инструктор по спорту ФСК «Локомотив» Олег Кушнунов, на марафон зарегистрировались 17 человек из различных предприятий Семейского отделения грузовых перевозок и Семейского отделения магистральной сети. Он сам принял активное участие в этой спортивной акции и бежит каждый день.

– Можно бегать где угодно. Когда я добираюсь до дачи, то бегу в гору, часто – с рюкзаками и сумками. На днях два с половиной часа играл в настольный теннис, а потом бежал кросс. В день можно сколько угодно пробежать, главное, за 30 дней – не меньше 30 километров, но можно и больше, – рассказал он. – Когда включаешь мобильное приложение STRAVA, оно фиксирует километраж и делает скриншот трассы. После окончания забега останавливаешь запись, нажимая на «финиш». После этого мы отправляем свой отчеты в группу «Марафон» в мессенджере «WhatsApp». Получается, каждый бежит сам по себе, но все вместе.

Марафон «30 километров за 30 дней» стартовал по Защитинскому узлу 4 августа и ставит своей целью пропаганду здорового образа жизни. Принять в нем участие смог любой желающий. Все зависит от физической подготовки участвующего.

Победителям марафона обещают не только ценные призы, но и, что самое главное, включение в историю ООО «Казпрофтранс». Все-таки марафон юбилейный и проводится впервые, тем более, в то время, когда забота о своем здоровье в условиях распространения опасной коронавирусной инфекции выходит на первый план.

Фото Олега КУШКУНОВА

Бәрекеді!

МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА ЕТ ТАРАТТЫ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Аса станциясының теміржолшылары қой сойып, оның етін мұқтаж отбасыларға үлестірді. Бұл екінші класты станцияда отыз шақты теміржолшы еңбек етеді. Олар ортадан қаражат жинап, осындай сауапты іс атқарғанды жөн көрген.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Станция бастығының орынбасары Нұрсұлтан Тұрсынбаев жастардан түскен сауапты бастаманы ұжым қуана құптағанын айтты. Малдың еті Аса ауылындағы әлеуметтік ахуалы төмен, көп балалы бес отбасыға таратылыпты. Ол шаңырақтардың тізімі жергілікті әкімдіктің жұмыспен қамту орталығынан алынған. Станция қызметкерлері осындай шараны жыл сайын ұйымдастырып, дәстүрге айналдырғанды жөн көріп отыр.

«Теміржолшылар мұндай игі істі асып-тасып отырғандарынан емес, қазіргідей қиын-қыстау заманда, пандемиялық ахуал алқымнан алған

кезеңде күнкөрістері өзімізден де төмен азаматтарға тамшыдай болсын демеу болса екен деген ниетпен жасады. Әрқайсымыз айналымызға мейірімдімізді шашып, шама-шарқымызша қол ұшын созып, жәрдем беретін болсақ, қазіргі әлемді жақсы жағына өзгертер едік. Әр қоғамда көптеп кездесетін мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, жұмыссыз жандардың көңілдері бір көншіп қалар еді», – деді Аса станциясының кезекшісі Мейіран Қойшыбаев.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасының бірі Құлсара Әбілдаева көп балалы екен. «Ауылымыздағы теміржолшылардың бұл қайырымдылығы ісіне алғыс айтамыз, екі-үш асым ет көп болмаса да, олардың ниеті мен пейілі үлкен еді. Олардың ісі



өзге қалталы азаматтарға үлгі болып, мынадай қиын-қыстау заманда қайыр жасауды ұмытпағай», – деді Құлсара ана.

Аса станциясы өндірісте де озаттар қатарында. Екінші класты станция негізінен жүк пойыздарына қызмет етеді. «Қазфосфат» ЖШС-ның жүк түсіруіне, жүк тиеуіне, вагондарына қызмет көрсетеді. Минералды рудалармен жұмыс істейді. Станция арқылы сары фосфор, мұнай, жанар-жағармай түрлері тиелген вагондар ағылып жатыр.

Суретті түсірген автор

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ БАР



Шұбарқұдық айналым депосының ұжымы және мұндағы станция қыз-меткерлері вирустан қорғалған. Теміржолшылардың дені коронавирус індетіне қарсы екпе алды.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Облыс орталығынан Темір ауданына келген түсіндіру тобы теміржол мекемелеріне де бас сұғып, Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы, тұрғындарды вакциналау, әлеуметтік медициналық сақтандыру, зейнетақы салымдары төңірегінде халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Аудан әкімі ауыл халқын жұмыспен қамтамасыз етіп отырған теміржол мекемелерінің маңыздылығы мен жауапкершілігіне тоқталды. Екпе алуда белсенділік танытқан теміржолшылардың жауапкершілігіне ризашылығын білдірді. Станция басшысы Алтай Абдуллин мекемеде екпеге қарсы ешкім болмағанын, маңызды шараға бәрі үлкен жауапкершілікпен және түсіністікпен қарағанын жеткізді.

«Мемлекет басшысы айтқандай, пандемия кезінде екпе алу – жауапкершілік. Елдегі қиын жағдайды ұжымдық иммунитет қалыптастырғанда ғана жеңе аламыз. Станцияда еңбек демалысына шыққан қызметкер мен денсаулығына байланысты екпе ала алмай жүрген 2-3 адам бар. Қалған теміржолшылардың барлығы вирусқа қарсы екпе салдырды», – дейді станция басшысы.

Елдегі пандемия жағдайында аурудан қорғандық жалғыз жолы – вирусқа қарсы екпе алу, ұжымдық иммунитет қалыптастыру. Осы мақсатта құрылған арнайы ақпараттық-түсіндіру тобы елдімекендерді аралап жүр.

Суретті түсірген автор

ПРОЦЕНТ ВОЗРОС



Благодаря массовой вакцинации от covid-19 в АО «НК «ҚТЖ» общий уровень иммунитета сотрудников превысил 77%. Всего по данным на 18 августа 2021 года вакцинировано более 81 тысячи работников компании.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нұр-Сұлтан

При этом, общий процент привитых железнодорожников составил 73,8 – первым компонентом, вторым – 61,4%. Только за последнюю неделю рост составил более 1 100 человек.

На железной дороге продолжается разъяснительная работа по вакцинации. Работники магистрали по всей стране по-прежнему активно принимают участие в онлайн-встречах с врачами на тему «Вакцина против covid-19».

В основном, вакцинация проходит без отрыва от производства, на базе медицинских кабинетов, действующих в депо и на станциях. При этом, всегда перед прививкой врач-терапевт проводит осмотр на месте и определяет возможность получения вакцины. Отметим, сейчас по региону Казахстана доступны три вида вакцины – казахстанская QazVac, Vero Cell китайского фармкомплекс Sinopharm и российский «Спутник V».

На сегодняшний день среди лидеров в разрезе регионов в первой пятёрке – Кокшетау, Уральск, Кызылорда, Шымкент и Тараз.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алыншып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертәй 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубәева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.